


Еліміздің экономикасындағы көліктік нарықтың алатын орны.
Көліктік кешеннің жұмыс істеуіндегі мәселелері. Көліктің өнімі
және жұмысы.



Өндіріс экономикалық қызметтің қандай да бір қоғамға қажетті нәтижесін көрсетеді. Кез келген тауарды өндіру үшін табиғи ресурстармен еңбекті қатар алып жүру керек. Бұл қызметте құрал жабдықтардың пайдасын қолдану тиімді. Ол ерте заманнан келе жатқан қолданыстағы заттар, құралдар. Бұл құралдар, сондай-ақ «қаржылық құралдар» өндірістің жұмысын тездетеді және экономикалық қайтарымын жоғарлатады. Сондықтан да, экономикалық күш құрылымдық «өндіріс факторлары» дегенді көрсетеді: жер, еңбек және капитал. Жер деп экономистың көзқарасынан қарағанда әлеуметтік емес табиғи ресурстарды айтамыз. Еңбек деп барлық еңбек ресурстарын айтамыз және капитал барлық құрал жабдықтар, техникалық құралдар бұрыннан келе жатқан, ол сонда жатқан байлық болып табылады. Экономикалық қызмет адамзаттың барлық қажеттіліктерін қанағаттандыруы тиіс. Оған: тамақ (аштықты басатын), киім, жылу, курорт, театр және т.б. Қазіргі кезде өте аз қажеттілік көліксіз қанағаттандырылады. Ол шикізатты тез жеңіл өңдеп беретін жерге

Көлік экономикалық қызметтің бір бөлігі, ол адамдардың және тауарлардың географиялық орнын ауыстыруына қажеттілікті қанағаттандыру дәрежесі .

Адамзат қоғамының дамуы мен өмір сүруіне қажетті барлық материалдық қажеттіліктер 4 негізгі материалды өндіріс саласында жасалады: табатын және өңдейтін, өндіріс, ауыл шаруашылық, көлік.

Көлік жаңа тауар шығармайды, ол тек оны тасымалдайды яғни жеткізеді. Мұнда тасымалдайтын өнімнің, яғни тағамның мысалы сапасы мен өзіне тән ерекшеліктері өзгермейді, тек қана жүктің орын ауыстыруы болады. Сонымен көлік халық шаруашылығының материалды саласы ретінде өзінің өндірісін өзіне тән қылып жасайды. Өндірістік үрдістің нәтижесінде кез келген өнеркәсіптік өндірісте немесе ауыл шаруашылығында өзіндік өнім шығады. Бұл жерде көлік тек қана орын ауыстыруға болысатын құрал ретінде ғана пайдаланылады. Көліктің өнімі – жолаушылар мен жүктерді әртүрлі пункттер арасында тасымалдау үрдісі.

Көліктік үрдіс кез келген өндірістік үрдіс сияқты жекелеген орындалатын бөліктерден тұрады: жіберілетін пунктерде жылжымалы құрамға жүктерді тиеу (жолаушыларды отырғызу); жолаушылар мен жүктерді пунктер арасында тасымалдау; жеткізілген пунктерде жылжымалы құрамнан жүктерді түсіру (жолаушыларды түсіру). 3 элементтің кез-келгені әртүрлі операциялардан тұрады, олар дайындық барысында, ұйымдастырылу және тасымалдаудың тікелей орындалу кезінде жасалады. Мысалы, жүктерді тасымалдау кезінде көліктік үрдістің бірінші элементі (жүктерді тиеу) өзіне мынадай жұмыстарды енгізеді: жүктерді дайындау, іріктеу, автомобильге тиеп бекіту, өлшеу немесе санау жүкті алуға және шығаруға жеткізуге қажетті көліктік құжаттарды дайындап әзірлеу.

Жүктерді тасымалдауда жылжымалы құрамның түрін таңдау, қозғалыс бағдарын анықтау, қозғалыс қауіпсіздігінің және жүктерді тасымалдау барысында сақталғандығы, жылжымалы құрамның қозғалысы кезіндегі пайда болған ақауларын қалпына келтіруді, ЖЖМ құюды ұйымдастыру, қозғалыс графигі мен оның уақытында орындалу мақсатында жылжымалы құрамның қозғалысын бақылау негізінде жүзеге асырылады.

Жүктерді түсіруде де белгілі бір жұмыстардың жиынтығынан тұратын жүкті қабылдаушының тауар көліктік құжаттарымен және жүктердің осы құжаттарға сәйкес келуін анықтаудан басталады, өлшеуден немесе көлемін анықтау, санау, жүктерге зақым келтірілген бе немесе жетіспеушіліктер бар ма соны анықтайды, одан соң оны түсіруге дайындайды, (борттарды ашып бекітілген элементтерінен босатады) жүктерді түсіреді, жүкті қабылдаушы тауар көліктік құжаттарды дайындап әзірлейді.

Тасымалдауды қамтамасыз ету барысында жылжымалы құрамның әрбір бірлігінде көліктің үрдістің элементі ылғи да қайталанып отырады. Бұл жағдай көліктік үрдістің циклдік сипатын анықтайды.

Көліктік үрдістің циклі болып ездка табылады. Ол көліктік үдістің 3 элементі кешенінен тұрады. Сонымен бір циклда әр автомобиль бір тиелімге, бір түсірілімге тұрады және жүкпен жүріс, сондай ақ жүксіз келесі тиелімге дейін жүрісті болады.

Циклдің ұзақтылығы ездка уақыты көліктік үрдістің 3 элементін орындауға кеткен уақытынан тұрады.

Көліктік үрдісті орындау барысында ездка әртүрлі қашықтыққа және әртүрлі жылдамдықта қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ, әртүрлі көлемде, әртүрлі клиенттер арасында жүзеге асырылады. Сондықтан әрбір ездканы жасауға кеткен уақыты да әртүрлі болады, және жұмыс көлемі де әртүрлі болуы мүмкін. Сондықтан да көліктік үрдісті ұйымдастыру және жоспарлау кезінде ездка ұзақтылығының және жеке элементтерінің орындалу уақыттарының орташа мәндерін алу қажет болады. Көліктік үрдістің тиімді орындалуы үшін тасымалдауға қатысушылардың өз жұмыстарын дәл анық орындаулары тиіс және өздерінің әс әрекеттерінің әртүрлі жұмыстарды орындау барысында және көліктік үрдістің операцияларын орындау кезінде қатаң келісім жасауларын қадағалау.

